



7 | ENGLISH IN MEDICINE ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫ



22.04.2025 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылына орай «English in Medicine» тақырыбында медициналық колледждердің «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» мамандықтары бойынша II

курс студенттері арасында қалалық байқау өткізілді. Байқау медициналық колледж студенттерінің «Кәсіби шет тілі» пәні бойынша аурулар және олардың белгілері, алғашқы көмек көрсету, науқас күтімі туралы алған білімдерін, бақылауға бағытталған.

Байқаудың мақсаты: медицина саласындағы студенттердің ағылшын тілінен білімдерін нығайту, клиникалық терминдерді ағылшын тілінде дұрыс, анық жеткізу, лексикалық және грамматикалық дағдыларды тестілеу. Студенттердің кәсіби іс-әрекетке қажетті ағылшын тілінде коммуникативтік дағдыларын, сөйлеу шеберлігін, белсенділігін дамыту. Студенттерді науқастармен тіл табыса білуге, мейірімді, сыпайы, жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.



Байқаудың әділ -қазылар алқасының төрайымы: «Қамқор жүрек» қоғамдық қорының директоры – Элизабет Турноқ.



Әділ –қазы алқасының мүшелері:

1. «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Қалалық көп бейінді ауруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығының» ШЖҚ МКК бас мейіргері – Бокушева Ляйля Төребаевна.
2. Ағылшын тілі маманы, «АІҮМ» бөбекжай бақшасының меңгерушісі- Алибаева Жібек Сәрсенбековна.

«English in Medicine» байқауының жүлдегерлері:

I орын Орынбасар Қарақат Рахымжанқызы, жетекшісі Кенбаева Н. М. – Жамбыл жоғары медициналық колледжі.

II орын Джунусова Іңкәр Ермекқызы, жетекшісі Абдрахманова Н.Р.- Жамбыл жоғары медициналық колледжі.

III орын Книжина Николь Георгиевна, жетекшісі Маршова А. А. -«АЕМ» кәсіби білім беру колледжі.



Номинация иегерлері:

1. «BEST SHOWING PRACTICAL SKILLS» Жүрсін Дария Куанышқызы жетекшісі Тойланбаева Қ. А.- Жамбыл жоғары медициналық колледжі.

2.«BEST SPEKING SKILLS» Жақсылық Маржан Талғатқызы, жетекшісі Ильясова Л. А.-2. «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі.

Алғыс хат иегерлері:

1. Кеулімжай Ақниет Болатбекқызы, жетекшісі Маршова А. А. – «АЕМ» кәсіби білім беру колледжі.

2. Асан Ақсезім, жетекшісі Батаева Л.К. – Тараз мамандандырылған колледжі.

8 | АШЫҚ САБАҚ



23.04.25 ж. №1 жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы А.Б. Жұмашов «Анатомия және физиология» пәнінен «Емдеу ісі» 221ЕФ-9/23 тобымен «Общий обзор сердечно-сосудистой

системы. Анатомия и физиология сердца» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: студенттерге жалпы қан тамырлар жүйесінің құрылымы мен қызметін, жүректің өткізгіштік қызметін, жүрек циклын түсіндіру. Ашық сабақ өз мақсатына жетті.



02.05.2025 ж. №3 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы оқытушысы В.Е. Омарбаева «Мейіргер ісі негіздері» пәнінен 208 М – 9/23 II-топшасымен «Көк тамырға инъекция жасау техникасы. Көк тамырдан вакуумды жүйемен қан алу

техникасы. Инъекциядан кейінгі болатын асқынулар» тақырыбында колледжішілік ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: студенттерге көк тамыр пункциясына түсінік беру, көк тамырдың түрлері, типтері; көк тамырға дәрілік заттарды егу көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері; көк тамырға инъекция жасау техникасы; вакуумды жүйенің құрылысы және вакуумды жүйемен көк тамырдан қан алу техникасын; көк тамырға дәрілік заттарды егуден кейін мүмкін болатын асқынулардың түрлері, себептері, белгілері, алдын-алуды және емдеуді үйрету.



ҚҰТТЫҚТАУ!

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

09

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Колледжде өткізілген тәрбие жұмыстары.

01

PISA ЗЕРТТЕУІ

Колледжіміздің студенттері арасында PISA зерттеуі өткізілді.

02

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Әдістемелік кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

03

ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ

Жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өткізілді.

04

«ПЕДИАТРИЯНЫҢ ҮЗДІК БІЛГІРЛЕРІ» БАЙҚАУЫ

05

АНАТОМИЯ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯ ҮЗДІГІ - 2025» БАЙҚАУЫ

06

«ENGLISH IN MEDICINE» ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

07

АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушыларының өткізілген ашық сабақтары.

08



1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



5.04.2025 ж. Қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахмедович Қонаевтың туылғанына 113 жылдығы аясында, Жамбыл жоғары медициналық колледж 116ЕФ-9/24 топ студенттері кураторы Токсанбаева Д.Н., Д.А. Қонаев атындағы мұражайды және кітапхананы тамашалап шықты. Мақсаты: Д.А.Қонаевтың мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін, қажырлы жүргізген саясатын үлгі ету. Патриотизм және Қазақтан тарихына қызығушылығын арттыру.

9.04.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, «Бақыт керек сізге де, бақыт керек бізге де» тақырыбында студенттерге арналған тренинг өткізілді. Мақсаты: өмірдің құндылығын сезіну, адамның өміріндегі маңызды нәрселерді анықтау және оларды бағалауға үйрету. Жауапты: А.Н.Оскенбаева.



16.04.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттері «Агрессиясыз аймақ» тақырыбында «Анаға Тағзым» орталығы ұйымдастырған тренингке қатысты. Тренингте агрессияның түрлері, себептері мен күресу жолдары айтылды. Студенттер өз ойларын айтып, белсене қатысты. Жауапты: колледждің әлеуметтік педагогы: А.А.Буксукбаева және колледж психологы К.Сүйінбекұлы.

2025 жылдың 24-ші сәуір күні, Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ақ жол» партиясы білім беру ұйымдарымен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыруымен, Орта Азия психология Академиясының мүшесі, психолог Майра Садуақасованы шақырып «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың психологиялық сауаттылығы» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу Жамбыл Жоғары политехникалық колледжінде өтілді. Кездесуге Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 130 және 213 топ студенттері қатысты.

Жауаптылар: колледж психологтары: А.Н.Оскенбаева, Н.Е.Мұхамодиева, К.Сүйінбекұлы.



2 | PISA ЗЕРТТЕУІ



7.04.25 ж. Колледжіміздің студенттері арасында PISA зерттеуі өткізілді. 2025 жылғы PISA халықаралық зерттеуіне белсенді қатысқан барлық колледж студенттері мен оқытушыларына алғысымызды білдіреміз!

PISA зерттеуінің мақсаты – жастардың оқу, математика және жаратылыстану салаларындағы функционалдық сауаттылығын бағалау арқылы олардың білімді өмірде тиімді қолдану қабілетін анықтау.

Бұл – заманауи білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

3 | ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

08.04.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әдістемелік кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. «География» пәнінің оқытылуы мен білім сапасын тексеру. Жауапты: Мейрманова Л.К.

2. «Физика» пәнінің оқыту жағдайы мен сапасын тексеру. Жауапты: Мураталиева Н.М.

3. Әртүрлі.



4 | ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІНІҢ ОТЫРЫСЫ



09.04.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде оқу-әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «2025 жыл -Жұмысшы мамандықтар жылына» орай «Заманауи жас маман» тақырыбында жас мамандар мектебінің отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. «Информатика пәнін оқытуда әдіс –тәсілдерді қолдану» тренинг-сабақ (15-20 минуттық)

Жауапты информатика пәнінің оқытушысы: Құдайбергенова А.К.

2. Электронды оқулық дайындау бойынша практикум Жауапты ІТ бөлімінің меңгерушісі: Султанғалиева А.С.

3.Статья жазу үлгісі

Жауапты «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі: Дуйсембаева У.Е.

4. Психологиялық тренинг

Жауапты колледж психологы: Сүйінбекұлы К.

5 | «ПЕДИАТРИЯНЫҢ ҮЗДІК БІЛГІРЛЕРІ» БАЙҚАУЫ

09.04.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылына» орай №2 арнайы пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Емдеу ісі» студенттерінің арасында «Педиатрияның үздік білгірлері» байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты:



Болашақ медициналық қызметкерлеріміздің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағды деңгейін тексеру және әртүрлі шұғыл жағдайларда олардың тез арада дұрыс шешім қабылдап, жедел көмек көрсете білу қабілеттерін тәжірибе жүзінде тексеру.



Әділ қазылар алқасының төрайымы:

Хамбарова Шынар Жолсеитовна – Жамбыл облыстық көп бейінді балалар ауруханасының жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшесінің меңгерушісі

Әділ қазылар алқасының мүшелері:

1. Баймбетова Роза Ерсайновна – «Садыхан» ОКМДЦ науқастарды қолдау қызметі және ішкі аудит бөлімінің бастығы.

2. Айтымбетова Райхан Аткеновна – Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «№5 Қалалық емханасы» бөлім меңгерушісі.

3. Жанибекова Науат Қуанышбаевна – Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы» педиатры.

4. Қуатхан Арман – Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы» фельдшер инструкторы.

«Педиатрияның үздік білгірлері» байқауының жүлдегерлері:

1 орын - «Kids` doctors» командасы: 312 топ студенттері

2 орын - «Дофамин» командасы: 316 топ студенттері

3 орын - «Vita» командасы: 314 топ студенттері

Сонымен қатар, командалық ойында белсенді болған студенттер төмендегі номинациялармен марапатталды: «Ең мықты командалық ойыншы» – Сайлау Даниал.

«Ең алғыр ой иесі» – Қанабекқызы Нұрай.

«Ең алғашқы көмек шебері» – Төлепберген Гүлназ.

«Денсаулық сақшысы»- Бекмуханбетова Амина.

«Болашақ педиатр» – Азатқызы Алуа.

«Жүрегі жылы жан» – Аманкүл Алуа.

Студенттер бағалы сыйлықтармен және дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталды.



6 | «АНАТОМИЯ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯ ҮЗДІГІ - 2025» БАЙҚАУЫ

16.04.2025 Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылына» орай №1 жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі» студенттерінің арасында «Анатомия және физиология үздігі - 2025» байқауы өткізілді.



Байқаудың мақсаты: Болашақ мейіргерлердің құзыреттілігін, олардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге көмек көрсету, медицина мамандарын даярлаудың жаңа заманауи бағыттарын қалыптастыруға жәрдемдесу. Медицина саласының іргетасы саналатын «Анатомия және физиология» пәнін игерілу сапасын бағалау, білімдерін арттыру.

Байқаудың әділ-қазылар алқасының төрайымы:

1. Жамбыл жоғары медицина колледжінің директоры Сарыбекова Жамила Нұрғалиқызы.

Әділ-қазылар мүшесі:

1. Жамбыл жоғары медициналық колледжі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т.

2. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мейрманова Л.К.

3. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің әдіскері Коконбаева А.К.

4. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Айдралиева А.Б.

«Анатомия және физиология үздігі-2025» байқауының жүлдегерлері:

1 орын – «VitaSciens» тобы, жетекшісі Таңат Г.Б.

2 орын – «MedGenius» тобы, жетекшісі Септесін Г.Қ.

3 орын – «Иммуна» тобы, жетекшісі

Нұрмаханбетова А.Н.

Жүлдегерлер байқауға қатысқаны үшін студенттер кәсіподақ ұйымының атынан сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, командалық ойында белсенді қатысқан студенттер төмендегі номинациялармен марапатталды:

1. «Үздік командалық ойыншы»-Гиппократ тобы

2. «Quest шебері»-Pons тобы.

Студенттер бағалы сыйлықтармен және дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталды.

